

моральдық зиян, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сатушының (дайындаушының, орындаушының) кінәсі болған кезде сот айқындайтын мөлшерде өтеуге жатады. Моральдық зиянның орнын толтыру мөлшері сотпен анықталады. Басқа алымдарға қарағанда моральдық шығынның орнын толтыру туралы талап тек соттық тәртіпте ғана орындалуға жатады.» - делінген.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Хасенова М. Тұтынушы және оның құқы // Заң. – 1999. - № 10-11. – С. 22-25.
- 2 Жеке кәсіпкерлік туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы № 124 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 2006. - № 3. - 21-құжат.
- 3 Қазақстан Республиканың «Бәсекелестік туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 112-IV Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы - 2008. - № 24. - 125-құжат.
- 4 Шерстобитов А.Е. Гражданско-правовые вопросы охраны прав потребителей. – М.: Изд-во МГУ, 1993. – 144 с.
- 5 Законодательство Европейского Экономического Сообщества о защите прав потребителей. / Институт законодательства и сравнительного правоведения при правительстве Российской Федерации. Серия "Законодательство зарубежных государств". Составитель обзора О.Н. Зименкова. М., 2006. – 70 с.
- 6 Суханов Е.А. Место и функции института ответственности в социалистическом гражданском праве // Вопросы государства и права / Под ред. Г.П. Савичева. - М.: Изд-во МГУ, 1985. - С. 38-46.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

*Тоқатов Р.А., з.ғ.м., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы,
Академик. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

*Рахимберлина А.К., з.ғ.м., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы,
Академик. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Майрамов А., экономикалық факультеттің студенті, Академик. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Қоғам өмірінің сапасын арттыруға, әрине, бірінші кезекте – балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы осының дәлелі.[1] Ата-ананың қасиетті міндеті балаларына қамқорлық көрсету. Балалар келешек қоғам екенін жұрттың бәрі де біледі. Алайда, өкінішке орай, осы қарапайым түсінікті ата-аналар бәрі бірдей меңгере қоймаған. Сондықтан, күн сайын балаларға қамқорлық көрсетуді талап ететін адамгершілік нормалармен қатар, заң ата-аналар үшін балаларға қамқорлық көрсету туралы құқықтық міндеттер белгілейді. Заң ата-аналардан балалардың заңды мүдделерін қанағаттандыруды талап етеді.

Балалардың құқықтарын қорғаудағы ата-аналардың заңды мүддесі:

- біріншіден — балалардың денсаулығы;
- екіншіден — олардың білім және мамандық алуына белсенді түрде қамқорлық жасау;
- үшіншіден — баланы адамдар, қоғам, мемлекет алдында азаматтық рухта тәрбиелеу болып табылады [2].

Мемлекет өз кезегінде отбасының берік болуына белсенді түрде ықпал жасайды, атап айтқанда, көп балалы отбасына материалдық жәрдем жасайды. Бала тәрбиелеу ісі әр халықтың өзінің ғасырлар бойы келе жатқан әдет ғұрып, салт-дәстүріне байланысты әдістері бар. ҚР балалар құқығын қорғау заңының 4-бабында: «балалардың тең құқықтылығы -тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие» делінген [3]. Яғни бұл Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының

Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді. Егемендігін жариялаған сәттен бастап Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның және көптеген басқа да халықаралық ұйымдардың мүшесі болды, бұл оған халықаралық қоғамдастықтың толық құқықты мүшесі болуына мүмкіндік берді. Республикада халықтың үштен екісін 18 жасқа дейінгі балалар мен бала туу жасындағы әйелдер құрайды.

Балаларды қорғау – ең алдымен, балалар өмірін, оның құқықтарын, пікірі мен дін бостандығын қорғау. Оны күш көрсетуден, зорлық-зомбылық жасаудан және психологиялық жәбірлеуден қорғау. Балалар еңбегін қанаудан қорғау. Баланың білім алуына, демалуына, бос уақытын тиімді пайдалануына құқығы бар. Адамгершілігі мол ұрпақ өсіріп, әділетті де өркениетті қоғам қалыптастырғымыз келсе, біз – үлкендер осы мәселелерді ескеруіміз тиіс[4].

Құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін баланың құқығы заңмен бекітіледі. Құқық қорғауды ата – аналар, бағып – қағу және қамқорлыққа алу органдары, сот, прокурор жүзеге асырады. Заң баланы озбырлықтың түрлерінен оның абройын төмендетуден, ата – аналар тарапынан болатын қиянаттан қорғайды. ҚР-да балалардың мүддесі қорғала отырып, ондай ата - аналарды ата – аналық құқықтан және баланы бағып –қағуға беруден айыруға байланысты шараларды қолдану заңдық тұрғыда қарастырылған. Бала мүліктік құқыққа да ие. Ол көбінесе өз ата – аналарының және отбасының өзге де мүшелерінің күтіп бағуы құқықтарына байланысты болмақ. Алименттер, зейнетақы мен жәрдемақылар ата – ананың атына келіп түседі, алайда, ол қаржы баланы күтіп – бағуға, білім беруге және тәрбиелеуге жұмсалады. Заң балаға сыйға немесе мұраға алған мүлікті меншігіне алу құқығын береді, сондай – ақ еңбекпен айналыса отырып, өзінің жеке еңбегінің кірістерін алуға, жекелеген пәтердің иесі болуға т.б. мүмкіндік береді. Балаларға қамқорлық жасай отырып, мемлекет бала туған кезде жәрдемақы төлейді.

Қазіргі таңдағы қалыптасқан жағдайда балалардың құқықтарының сақталуы туралы мәселе жоғарғы дәрежеде тұр. Қоғамдағы балалардың рөлі және оның қазіргі кезде төмендеп бара жатқаны алаңдатып отыр. Жалпы бала дегеніміз кім және оларды қалай қорғаймыз деген ой туындайды? Әлемде балалардың құқығын қорғау туралы көптеген іс-шаралар жүзеге асырылады. Адам құқығы, бала құқығын қорғаудан басталады. Міне, адамның шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, оның тыныштығын, денсаулығын, өмірін қорғап отыратын басты құрал ол әртүрлі декларациялар, конвенциялар мен заңдар [5]. Бұлардың қатарына 1948 жылы 10- желтоқсанда қабылданған «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы», сонымен қатар 1959 жылы қабылданған «Бала құқығы Декларациясы», міне осы декларациядан кейін 61 ел қол қойған 1989 жылы 20 қарашада «Бала құқығы туралы Конвенция» қабылданды. Қазірде бұған 191 мемлекет кірген. Конвенция деген – арнаулы мәселелер жөніндегі келісім шарт. Осы Конвенция негізінде 2002 жылы тамызда Қазақстанда «Бала құқығы туралы» заң қабылданды. Бұл заң 9-тарау, 53-баптан тұрады. Осы ережелерді бұлжытпай орындау – біздің Отанымыз, еліміз, халқымыз алдындағы парызымыз. Біздің өмірдегі кейбір келеңсіз жағдайлардың көбі біздің осы заң талаптарын, тәртіп талаптарын білмейтіндігімізден туындап жататын көрінеді.

Қазақстан Республикасындағы бала мәселесіне келетін болсақ, бала дегеніміз Конвенцияның 1 бабында былай деп көрсетіледі: «әрбір адам баласы 18 жасқа толғанға дейін, егер осы балаға қолданылатын заң бойынша ол кәмелеттік жасқа бұрынырақ толып қоймаса, бала болып саналады»[6]. Бала ол 18 жасқа дейін еркін өмір сүре келіп қоғамға биімделуі тиіс деп есептеймін. Бірақ қазіргі кезде жаңылықтарды көзжүргірсең балаларға байланысты жан түршігерлік алуан түрлі оқиғалардың тіркелгенін көреміз. Жалпы қоғамда балаларға қатысты қандай мәселелер бар соларды қарастыруды осы мақала аясында зерделеуді жөн көрдік, солардың қатарына мыналарды атап айтсақ: туылған баланы тастау; жетімдер үйіндегі балалардың құқықтарының тапталуы; қоғамдағы балалардың зардап шегуі; отбасындағы балалардың құқықтарының бұзылуы; кәмелетке толмаған балалардың жұмыс жасауы.

Қазіргі кезде Қазақстандағы ең өзекті мәселелердің бірі жаңа туылған баланы тастап кету. Балаларды далаға, қоқыс жәшіктеріне, әжетханаларға тастап кету деректері жиі кездесіп жатыр. Жылдың басынан бастап елімізде бала тастап кету туралы 1500 астам дерек тіркелген деп хабарлайды ҚР Бас прокуратурасы. Елімізде көптеген кәмелет жасына толмаған қыздар ерте жастан жүкті болып қалу факторы да мемлекет басшыларын алаңдатып отыр. Көбінесе жаңа туған сәбилерді далаға тастап кетуге жас жеткіншектер барады екен. Мысалға алатын болсақ Ақтөбеде 2013 жылы наурыз айында Шұбарқұдық елді мекенде 17 жастағы бойжеткен түнде туа сала баласын әжетханаға тастап кеткен ананың кәмелет жасқа толмаған қыз екені тіркелген [7]. Балаларды қоқыс жәшігіне тастау деректері күннен күнге көбейіп келе жатыр. Сонымен мемлекет күресу мақсатында шетелден «Бэйби бокс» құрылғысын орнатқысы келеді. Бұнымен толықтай келісуді дұрыс деп есептейміз,

себебі бұл жерде мемлекеттің дәрменсіздігін көрсетіп отыр. Мемлекет өзінің бекіткен баланы тастап кету деректері бойынша жаза мәселесін қатаңдататын болса, сонымен қатар олардың заңды өкілдеріне деген жауапкершілігін мемлекет тарапынан заңды тұрғыда арттыратын болса тастанды бала мәселесіде азаяр еді. Ал егер «Бэйби бокс» құрылғысын қалыптастыруды заңдастырсақ бұл жағдайда көкек анаға баланы тастап кетуге жағдай жасап отыру яғни жастардың санасына мемлекетпен баланы тасатап кету дұрыс деген болашақта пікір қалыптастыруы мүмкін. Бэйби бокстың жақсы жері туылған нәрестені аман-алып қалатын шығар. Бірақ одан қоғам сабақ алып отырған жоқ. Сондықтанда егер ана өз баласын тастап кетсе, оған арнайы жазалар тағайындалуы тиіс.

Жетімдер үйі дегеніміз ата-анасы тастап кеткен балаларды тәрбиелейтін мемлекеттің қаржыландырумен құрылған мекеме. Бұл ұйымдарда тастанды балаларды тәрбиелейді және өсіреді. Қазіргі кезде ғаламторда және әлеуметтік желілерде осы жетімдер үйінің тәрбиеленушілеріне әлімжеттік көрсету деретері бойынша көптеген жағдайлар тіркелуде. Білім және ғылым министрлігінің дерегіне сүйенсек, Қазақстанда 150-ден астам балалар үйі бар. 34 мың жетім баланың 11 мыңы балалар үйінде тәрбиеленіп жатыр [8]. «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» және «Маңғыстау облыстық балалар үйі» мемлекеттік мекемелерінің жұмысын тексеру кезінде балалардың дене жарақатын алу бойынша Ақтау қалалық ПБ арыздар мен ақпарат есеп кітабына тіркелмеген 72 дерек анықталды, сәйкесінше жарақат алу себебін тексеру шаралары өткізілмеген», - деді ол Ақтаудағы брифингте [9]. Бұл жағдайдан кейін қазақстандық бүкіл балалар үйінде тексерістер басталып кетті. Жалпы алғанда олар жетім атағаннан кейін тәрбиешіден жылулық мейірімділік күтеді. Бірақ ондай жылулық көрмеген балалар қатыгез болып өседі. Мысалы арнайы жасақтарға халық арасында «амон» атанып кеткендердің 80-90%-ы жетімдер үйінен түлеп ұшқандар екен. Біз негізі жетімдер үйін жасағандағы басты мақсат басқа балалармен қатар өмірге әзірлеу болып табылатын. Ал жетімдер үйінде зорлық-зомбылық көрген бала психологиялық жағынан жарақат алады. Ол 18 жасқа толғаннан кейін қоғамға шығады, қоғаммен байланысқа түседі. Ол қоғамға өзінің кері әсерін тигізеді.

Қоғамдағы балалардың қысым көруі қоғам алдында құқықтарының тапталуы. Бұл кеше ғана болған оқиға Алматы қаласында қоғамдық көліктердің бірінде кондуктормен мектеп оқушылары арасында болған жанжалды айтуға болады. Бұл жерде кондуктордың балаларға олардың мектеп оқушылары екеніне сенбей қол көтерген. Бұл жағдайға байланысты қазіргі кезде іс жүргіліп жатыр. Жалпы егерде бала далада жоғалып кетсе қазіргі кезде ата-анаға ешкім іздеуге көмектеспейді. Жалпы қоғамда адасып кеткен баланы көрсе, бәлесінен аулақ деп назар аудармайды. Егер бала адасып қалса түнде қылмыс факторының тіркелу ықтималдылығы өте жоғары. Себебі қазіргі кезде баланы қараусыз қалдыруға болмайды, қоғамда балаға келетін қауыптың артуы күн өте жоғарлауда. Педофилден зардап шеккендердің саны жылдан жылға өсіп келеді. 2015 жылы педофилдің шабуылынан 300-ден астам бала зардап шеккен. Бірақ заңның педофилге беретін жазасы оларға бұл қылмысқа бармауына еш тоқтау салар емес. Мысалы Алматы қалалық сотында үш рет сотты болып жатқан педофилдің ісінде, педофил өзінің соңғы сөзінде: «Мен тоқтамаймын, 5 жылдан кейін бостандыққа шыққаннан кейін педофилдік істерімді жалғастарымын», - деп сот залынан шығарылады. Сол мақсатта балалардың қоғам алдында құқықтарының тапталып жатқандығында, қандай десеніздер барлық бала бірдей бөліп қарасыруға болмайды.

Отбасындағы балалардың құқықтарының бұзылуы. Жалпы мемлекеттік әлеуметтік институттарының бірі отбасы институты бар екендігінде. Отбасы ол тек ата-ана ғана емес ол балаларда тұратындығында. Сол отбасыларда балалардың құқықтарының бұзылып жатқандығы мәлім. Оған дәлел ювеналды соттың құрылуы. Егер ешқандай құқықбұзушылық болмаған жағдайда сотта болмас еді. Жалпы баланың отбасында қысым көруі айқын көрініп келеді. Мысалы осы жылы жыр болған мектептердегі хиджаб мәселесі. Ақтөбелік ата-ана мектепке баратын төрт қызының шашын алып тастапты [9, 30]. Жалпы бұл баланың құқығының бұзылуы. Қазіргі уақытта бұл оқиға байланысты іс жүргізіліп жатыр. Жалпы отбасындағы баланың құқығы тәрбие кезінде бұзылады. Баланы тәрбиелеуде белгілі бір шектеулерді қоюды емес, қол көтеруге барады. Көбенісе өтпелі кезеңде жүрген балалар отбасынан қашуға барады. Отбасынан қорлық көрген қыз көшеге шығады және ерте жүкті болды. Содан кейін жүктілігін ата-анасына айта алмай баланы өмірге әкеліп қоқысқа, далаға тастап кете береді. Ал ер балалар көшеге шығып үйден қысым көре қылмысқа барады, қазіргі кезде жастар арасында қылмыстың көбейуіне әсер етуші фактор ретінде отбасындағы ұрыс-кересті алуға болады. Ал отбасында қысым көрген балалардың психикасы зақымданып өсе келе көбісі қылмыстық жолды тандап, түбінде қылмыскер болады. Британия университетінің ғалымдары педофилдермен маняктарға психологиялық зерттеу жүргізгенің нәтижесінде, олардың барлығы кезінде ата-аналарынан қысым көрген деген тұжырымдамаға келген. Сондықтанда болашақты

ойлайтын болсақ балаларға деген құқықты қорғап, ата-ана ретінде міндеттерді орындауға және балаға арқашан көмек беруге тырысу керек.

Қоғамда балалардың еңбегін пайдалану белең алып бара жатыр. Бала ол жеңіл жұмыс күші, төменгі жалақы төлеуге болады деп ойлайды жұмыс берушілер. Жалпы бұл Қазақстанның ғана емес бүкіл әлемнің мәселесі. ҚР Бас прокуратурасының жүргізген тексеріс барысында Қазақстан бойынша 1800-ден астам бала заңсыз жұмыс жасап жүр. Қоғамдағы тағы бір мәселе құқықсауаттылықтың төмендігі. Азаматтар білмейді заңмен жұмысқа тұруға болатындығын. Мысалы АҚШ-та бала 14 жасқа келгеннен кейін ата-анасы оған жұмыс жасауға рұқсат береді. Ата-анасы балаға қандай жұмыс жасауға болатындығын түсіндіреді. Біздің республикамызда 14 жастан бастап балаға жұмыс жасауға рұқсат етіледі. Баланың жұмыс жасауы неге жаман? Себебі, бала физиологиялық жағнан дамуға кедергі болады. Жалпы баланың білім алуына тағы да кедергі жасайды. Бала сондай кішігірім жұмыстарға үйреніп қалады және басқа мамандықтарға бара бермейді.

Жалпы қортындылай келе біз балалардың құқықтарының сақталғандығын қалаймыз. Себебі олар біздің болашағымыз. Біз болашағымызда кішкентай кезінен зорлық, қысым көрген адамдарды көргіміз келмейді. Болшақта отбасының тұтқасын ұстайтын дұрыс ата –анадан тараған ұрпақ. Тәрбиелі қоғамды қалыптастырады. Егер қазіргі балаларды дұрыс тәрбиелеп өсірсек, ертенгі қоғамда қылмыскер деген ұғым азаятындығына кәміл сенеміз. Жалпы баланы өмірге деген құштарлығын оятып құқықтарын сақтайтын болсақ, онда ол баладан әлемді өзгертетін адам болуы мүмкін. Мысалы отбасында қысым көрген Адольф Гитлер әлемге жасаған әрекеттерін ұмытуға болмайды. Әлемді жаулап алғасы келеген, Халокоста еврейлерді қырған. Ал мұғалімі есі дұрыс емес деген Томас Эдисонды қоғам шектеген жоқ, одан атакты физик шықты [10]. Оның өнер туындысыбарлық үйге жарық сыйлап тұр. Сондықтанда балаларға арнайы құқық беріп, және оларды жүзеге асыруға көмектесіп және оны қорғау керек деп есептейміз.

Әрбір бала өзінің тәндік, ойлық, рухани, және сондай-ақ адамгершілік пен әлеуметтік дамуына лайықты өмір деңгейіне мүдделі және құқылы. Лайықты өмір деңгейін қамтамасыз етудің негізгі жауапкершілігі ата-анаға жүктеледі. Ал мемлекеттің міндеті осы жауапкершілікті жүзеге асыруға жағдай жасау болып табылады. Сондай-ақ мемлекеттің міндеті ата-ана мен балаға материалды көмек көрсетуді де қамтиды. Шет елдерімен асырап алынған бала құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуына қадағалау жасауымыз тиісті. Қазіргі таңда балалар мәселесі бойынша әлемде арнайы бағдарламалар шыға бастады. Балалардың мәселелерін шешу жайлы әр түрлі саясаттар іске асырылуда. Соңғы жылдары БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша белсенді және ынталы жұмыс нәтижесінде бала мәселесі айтарлықтай жақсарды, 100 мыңдаған балалар өмірі сақталып қалды, ал миллиондаған балалар нағыз бақытты балалық шаққа қол жеткізді десек болады. Әр жаңа мектептің, балалар емханасының және ауруханалардың, балалар үшін интернаттар мен балалар үйінің салынумен барлық ғаламшардың болашағы құрастырылғандығын түсінуге тиіспіз. Мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылған «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы соның жарқын мысалы [11]. Бала және анаға деген қамқорлық Қазақстанда әлеуметтік жәрдемақылардың артуынан және демографиялық жағдайдың оң дамуына әсер ететін басқа да жағдайлардың жақсаруынан көрінеді. Тағы бір мысал: Еуропалық Одақ 2008 жылдан бастап Қазақстанда балалар құқығын қорғау саласындағы жобаны жүзеге асырып келеді. «Баланы қорға!» - бұл біздің республикамызда бала құқығын қорғаудың неғұрлым тиімді механизмдерін жасауға көмектесетін жоба. Бағдарламаның басты мақсаты адам құқығы мәдениетін арттыру және жергілікті қауымдастықты, ата-аналарды және балаларды балалар құқығын қорғау процесіне тарту болып табылады. Одан басқа, балалар құқығының сақталуы жағдайларына мониторинг жүргізу және тегін заң және психологиялық көмек көрсету жоспарланған. Жобаны Қазақстандық «Балалардың әлеуметтік қалыптасу орталығы» атты қоғамдық ассоциация жүзеге асырды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 ҚР Президентінің Жолдауы-2017. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». <http://naryk.kz-2017/>
- 2 Махонин Б.А. Законодательство в области реализации права ребенка жить и воспитываться в семье. <http://www.usynovite.ru/bz/Legislation.html>
- 3 Қазақстан Республикасының «Баланың құқықтары туралы» заңы. 30 тамыз 2002 жыл // www.zakon.kz
- 4 «Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Заңы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_

- 5 Марат Қаныш. Адам құқығы, бала құқығын қорғаудан басталады // <http://bilimdiler.kz/tarbie-sagaty/6853-adam-kukygy-bala-kukygy-n-korgaudan-bastalady.html>
- 6 <https://www.nur.kz/kk/1126493-aqtobede-boyzhetkender-tughan-balasyn>.
- 7 <https://www.google.kz/amp/s/www.azattyq.org/amp/25105354.html>
- 8 <https://www.google.kz/amp/s/www.azattyq.org/amp/25105354.html>
- 9 Мамиев А.Б. Бала құқықтары және оны жүзеге асыру. // Заңгер. – 2014. -№12. - С. 29-35
- 10 Ураженцев А.П. Как защищать права детей. Семейный кодекс и права детей. // <http://www.pravo.khv.ru/node/493>
- 11 Елордада «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы // http://www.inform.kz/kz/elordada-100-mektep-100-auruhana-bagdarlamasy-ayasynda-barlygy-9-mektep-salynady_a2217404

НЕОБХОДИМОСТЬ РАЗРАБОТКИ ЧАСТНОЙ МЕТОДИКИ РАССЛЕДОВАНИЯ МЕДИЦИНСКОГО УГОЛОВНОГО ПРАВОНАРУШЕНИЯ

Ибраев М.А., к.ю.н., доцент КарГУ им. академика Е.А. Букетова

Во всех развитых цивилизованных странах неотъемлемо принадлежащие человеку права и свободы отнесены к высшим ценностям общественного бытия, поскольку принадлежат к числу азбучных истин демократического строя, являясь важнейшей составляющей демократического общества [1; 4]. В этой связи, Республика Казахстан, утверждая себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, определила своими высшими ценностями человека, его жизнь, права и свободы. Исходя из этих положений, формирование правового государства в Республике Казахстан закономерно характеризуется не только реформами экономического, социального, идеологического и правового характера, но и предполагает активизацию борьбы с противоправными деяниями, представляющими серьезную угрозу не только осуществлению проводимых реформ, но и здоровью населения, право на охрану которого также закреплено в ст. 29 Конституции РК [2]. Граждане республики вправе получать бесплатно гарантированный объем медицинской помощи либо платной медицинской помощи в государственных и частных лечебных учреждениях, а также у лиц, занимающихся частной медицинской практикой, в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Это означает, что наше государство должно реально обеспечить высокий уровень гарантий права каждого гражданина на качественную медицинскую помощь с тем, чтобы он был уверен, что его здоровье находится под охраной государства.

Согласно ст. 34 Кодекса Республики Казахстан № 193-IV «О здоровье народа и системе здравоохранения» от 18 сентября 2009 г., гарантированный объем бесплатной медицинской помощи, оказываемой государством предоставляется гражданам Республики Казахстан и органам за счет бюджетных средств и включает профилактические, диагностические и лечебные медицинские услуги, обладающие наибольшей доказанной эффективностью, в соответствии с перечнем, утверждаемым Правительством Республики Казахстан. В гарантированный объем бесплатной медицинской помощи входят: скорая медицинская помощь и санитарная авиация; амбулаторно-поликлиническая помощь, включающая: первичную медико-санитарную помощь; консультативно-диагностическую помощь по направлению специалиста первичной медико-санитарной помощи и профильных специалистов; стационарная медицинская помощь по направлению специалиста первичной медико-санитарной помощи или медицинской организации в рамках планируемого количества случаев госпитализации (предельных объемов), определяемых уполномоченным органом, по экстренным показаниям — вне зависимости от наличия направления; стационарозамещающая медицинская помощь по направлению специалиста первичной медико-санитарной помощи или медицинской организации; восстановительное лечение и медицинская реабилитация; паллиативная помощь и сестринский уход для категорий населения, установленных Правительством Республики Казахстан. Кроме того, оказание гарантированного объема бесплатной медицинской помощи обеспечивается лекарственными средствами; обеспечение лекарственными средствами для оказания гарантированного объема бесплатной медицинской помощи осуществляется: при оказании скорой, стационарной и стационарозамещающей помощи – в соответствии с утвержденными медицинскими организациями и согласованными в установленном порядке с уполномоченным органом лекарственными формулярами; при оказании амбулаторно-поликлинической помощи – в соответствии с утвержденными уполномоченным органом перечнем лекарственных средств и специализированных лечебных продуктов для бесплатного и (или) льготного обеспечения отдельных